



№86 (10179)
11 қараша,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы

ЖҰМЫСШЫ
МАМАҢДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, аймақтың дамуына серпіліс берген жобалармен танысты.

Сыр жұрты Мемлекет басшысына алғысын жеткізді



Сыр жұрты Президентіміздің бірлік пен тұрақтылыққа, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамаларын қолдап келеді.

Аймақтағы игілікті істердің жүзеге асуына ерекше қамқорлық көрсеткенін жақсы біледі. Өйткені саяси-экономикалық реформалардың нәтижесі Қызылорда облысының бүгінгі даму серпінінен анық байқалады.

Мемлекет басшысының өңір жұртымен кездесуде айтқан әлемдегі ахуал, су тапшылығы, жастар тәрбиесі, жасанды интеллект дәуірінің жаңашылдықтарын пайдалану туралы пайымдары баршаға ой салды. Әсіресе Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхананы Қызылорда қаласында салу туралы бастама жұртты қуанышқа көңелтті. Президенттің «Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны жоғары» деген оң бағасы ынтымағы мен бірлігі жарасқан Сыр халқының мерейін есірді.

Сапардан соң қызылордалықтар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына хат жолдап, алғыс білдірді. «Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Әділетті, Қуатты, Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Тәуелсіз еліміздің дамуына бағытталған тарихи миссияңызға мол жетістік, мықты денсаулық және сарқылмас жігер тілейміз!» депінген хатта.

Сыр жұртының атынан жолданған алғысты жеткізгендер арасында «Қазақстанның Еңбек Ерлері», ардагерлер мен әйелдер кеңесі, қоғамдық кеңес, зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдері мен жастар бар.

“ЖЖ” ақпарат

Акция

«Таза Қазақстан»: 19 мың тонна қоқыс шығарылды

Былтыр Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Игі бастама барлық өңірді қамтыды. Расында, Президент айтқандай, «Таза Қазақстан» – көше тазалаудан әлдеқайда ауқымды ұғым. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағытта жұмыстар әрі қарай қалай жалғасатынын кеңінен тарқатқан болатын. Содан бері бұл акция елімізде өз жемісін беріп келеді.

Иә, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын өңгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргені елдегі тазалық жұмыстарының қарқын алғанынан анық байқалады. Қызылордалықтар да мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін анық түсінген.

Шынында Қасым-Жомарт Тоқаев акция аясында алдағы мақсат-міндеттерімізді айқындап берді. Президент айтқандай, біз табиғаттың байлығына және күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге немқұрайлы қарайтын жағымсыз әдеттен біржола арылуымыз қажет. Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Тіпті айналамасы бір барласақ, өркениетті елдердің бәрі осыны ұстанатынын анық байқаймыз.

Былтыр аталған акцияға еліміз бойынша 3,8 миллионға жуық адам қатысқан. 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 миллионнан астам көшет егілген. Расында елді мекендердің тазалығы тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мемлекет басшысы да әр өңірге сапарында қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударады. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс. Сонда ғана ортақ мақсат жолындағы еңбектің жемісін көреміз.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын қарқынды жүзеге асырып жатқан аймақтардың көш басында езіміздің Қызылорда об-



лысы тұр деп нық сеніммен айта аламыз. Аймақта әр апта сайын жалпай сенбілік жалғасуда. Өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру шаралары жүйелі жүргізілуде.

Бүгінге дейін тазалық жұмыстарына 440 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткері, мемлекеттік және жеке ұйым қызметкерлері қатысқан.

Тазалық жұмыстарынан соң 19 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылып, елді мекендердегі 510 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1019 әлеуметтік нысан, 3 603 өндірістік және кәсіпкерлік нысан, сондай-ақ 332 су айдыны мен 41 394 көше бойы тазартылды. Сенбілікке 540-тан астам арнайы техника тартылды. Сонымен қатар жыл басынан бері облыс аумағында өңірдің табиғи-климаттық жағдайына бейімделген 255 500 түп қарағаш, терек және Сыр талы көшеті отырғызылды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы езіміздің Жалағаш ауданында да қарқынды жүзеге асуда. Бұрынғыдай емес, қазір жергілікті жұрт тазалық ортақ міндет екенін жақсы түсінген. Бұрын ауданда тек мекеме ұжымдары ғана сенбілікте төбе көрсетсе, қазір тұтас аудан жұрты мұндай шараларда белсенділік танытуда.

Апта сайын сенбілік шараларынан қалмайтындар қатарында кент тұрғыны Дәулеткерей Кенжеғұлов та бар. Ол өзінің осы әрекеті арқылы өзінен кейінгі буынға үлгі болуы керектігін айтады. Өйткені мұндай шаралар қай буынның тұсында да толастамауы керек деп есептейді.

– Өзім бұрыннан сенбіліктен қалмаймын. Өйткені мен үшін туған жердің тазалығы бәрінен жоғары. Менің ойымша әр адамда осындай түсінік болуы керек. Бұл түсінік ел болып жұрт тазалық шараларында жүргенде сізді үйде жатқызбайды. Шынығында тазалық – ортақ міндет. Мұндай жұмыстар қай буынның тұсында да тоқтамауы керек, – дейді ол.

Иә, бұл бастаманың мақсаты – еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту ғана емес, сонымен қатар азаматтардың экологиялық жауапкершілікті ойлауын қалыптастыру, сана мен ой тазалығын сақтау, отансүйгіштік, табиғатты аялау мәдениетін дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қоғамның қатысуын арттыру. Шынында елімізде жүріп жатқан экологиялық акция қоғам өмірінің саналы бөлігіне айналып келеді. Ауаларын, көшелерін, саябақтарын таза ұстап, ағаш отырғызуға, сенбіліктерге және

қоршаған орта мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған басқа да іс-шараларға белсене қатысатын қазақстандықтар көбейіп келеді. Бастама іске қосылғалы бері 10,4 млн-нан астам адам экологиялық акцияға қатысқан.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – қалдықтармен жауапты жұмыс істеу. Ресми деректер бойынша, елімізде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық шығады, бұл ретте өткен жылы қайта өңдеу деңгейі 25,8 пайыз ғана болды, демек әрі қарай да инфрақұрылымды дамытып, халықты хабардар ету жұмыстарын жалғастыру қажет. Осы мақсатта еліміздің қалаларында қайта өңделетін шикізат қабылдайтын әрі тұрғындарды тапсырған пластик пен алюминий үшін бонуспен ынталандыратын экобокстар мен фандоматтар белсенді түрде орнатылып жатыр.

Жалпы акцияның негізгі мақсатын тарқаттық және оның өз жемісін беріп жатқанын аңғару қиын емес. Алдағы уақытта тазалық жұмыстарында осы қарқын бәсеңдемесе, ортақ мақсат жолындағы еңбектің жемісін көреміз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

«Берекедегі» бөбекжай

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек, ешқашан қателеспейміз. Балабақшада дұрыс тәлім-тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде білім алуға болады. Ендеше, мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндетінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Осы бағытта абыройлы жұмыс істеп жүрген кенттегі «Береке» учаскесінде ашылған «Амина» бөбекжайы.

2024 жылы жаңа балабақша құрылысы басталып, құны 140 миллиондық ғимарат осы жылы қолданысқа берілді. Бөбекжай 100 орынға арналған және төрт топпен жұмыс істейді. Биыл жалпы 82 бала балабақшаға қабылданып, 1-қырқүйектен бастап мектеп алды даярлық тобы да өз жұмысын бастады. Балабақшаға балалар негізінен Дәуімбай және Ақсу елді мекендерінен келеді. Көпшілігі көршілес ауылдардан қатысқандықтан жас бүлдіршіндер үшін ыңғайлы әрі қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Қазір балалар топтарға орналастырылып, күнделікті оқу-тәрбие жұмыстарына белсенді түрде араласып жатыр. Балабақша ұжымы әр баланың жан-жақты дамуына көңіл бөліп, олардың шығармашылық, ойын және білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастыруда.

Балабақшада төрт топ бар. Екі жасар балалар екі топқа жинақталып «Балдырған» және «Көгершін» топтарында, 3-4 жас аралығындағы бүлдіршіндер «Қыран» тобында, қалған 24 бала мектеп алды даярлықты білім алып жатыр. Жалпы 4 тәрбиеші, 4 тәрбиеші көмекшісі, аспаз және оның көмекшісі, мейірбике бар.

Балабақша жұмысы басталғалы аз уақыт болса да, алға қойған жұмыстары көп. Мұнда балалар үшін әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді – хор,

мәнерлеп оқу, би және тағы басқа сабақтар жүргізіледі. Балабақшаға аяқ басқаннан-ақ терде алыстан мән мұндалап тұрған қасиетті шаңырақты көріп бүлдіршіндер ұлттық құндылықты қайтарында сапалы білім мен саналы тәрбиені қатар алып жатырғанын аңғарды.

– Балалар келгенде қазақтың күм-бірлеген күйі естіліп тұрады. Жұмыс күнімізді дәстүрлі Әнұран айтумен бастаймыз. Тәрбиешілеріміз балаларды жылы құшағымен қарсы алып, олардың денсаулықтарын мұқият тексеріп аламыз. Танертеңгі ас беріліп болған соң, әр маман өз жұмысына шынайы кіріседі. Күнделікті қарбалас осылайша шаттыққа толы сөттермен жалғасын табады, – дейді меңгеруші Ботагөз Алтынбекқызы.

Балабақшада бүлдіршіндердің қауіпсіздігі бірінші орынға қойылған. 16 камера үздіксіз жұмыс істеп, қауіпсіздік пен амандықты тәулік бойы қадағалап тұр. Алыстан жаңғырық болып дауыстар естіледі.

Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды...

Әр топтың сынып бөлмесінде сабақтар өтіп жатыр екен. Ал балалар жаңа білімге бар ынтысымен ден қойып отыр. Тәрбиеші Береке Мұсаханқызы осы балалармен жарты жылдан астам жұмыс жасап келеді.

Бала тәрбиелеумен қатар, ата-анамен түсінісу де оның біліктілігін талап ететін маңызды жұмыс. Күнделікті сабақ барысында бүлдіршіндер үйдегі еркіндіктерін де көрсетеді. Тәрбиеші балаларға екінші ана сияқты қарап, өрқайсысына ерекше көңіл бөледі. Кіші топта болғандықтан, өнді-өнді сөйлеп үйреніп жүрген балалар да бар. «Жұмысты барынша үйлестіріп, адал қызмет ету-басты мақсатымыз» ғой деп айтып болғаны жаңа, жанына келген балақайды жұбатпауға кірісіп кетті.

Мұнда балалар үш мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Ас мезірі де аса мұқияттылықпен таңдалып, әрбір тағамның сапасы мен баланың денсаулығына пайдасы басты назарға алынған. Тіпті нан өнімдері де қолдан пісіріліп, тағамның табиғи құндылығы сақталғаны қуантады. Мұндай қамқорлық әрбір бүлдіршінің саулығы мен көңіл-күйін қамтамасыз ететін сөзсіз.

Хлормен күнделікті дезинфекциялау шараларынан бөлек, әр жұмыс күнінің соңында жатын бөлмелерде арнайы кварц шамдары қосылады. Бұл – ауадағы зиянды микробтар мен вирустарды жоюға бағытталған маңызды санитарлық талаптардың бірі. Басшылықтың айтуынша, мекеме ішінде санитарлық қауіпсіздікке айрықша көңіл бөлінеді. Егер тұмау немесе басқа да белгілер байқалған



жағдайда, оқшаулау бөлмелері дайын күйде пайдалануға беріледі. Мұның барлығы балалардың саулығы мен жайлылығы үшін жасалынып отырған жүйелі жұмыс екенін аңғарды.

Жаңа балабақшаның жұмысы енді ғана басталғанымен, ұжым аз уақыт ішінде ұйымшылдық пен белсенділіктің үлгісін көрсетіп үлгерді. Бүлдіршіндер мен тәрбиешілер аудандық деңгейдегі түрлі байқаулар мен жарыстарда бой көрсетіп жүр. Бұл – ұжымның кәсіби шеберлігі мен бірлескен еңбегінің жемісі.

Жаздың жылы лебі сезілгенімен ауада күзгі жаңбырдың сәл салқыны

бар. Балабақша ауласына да шығып, жаз бойы жүргізілген көгалдандыру жұмыстарының жемісін бірден байқадық. Аула көң, әр бұрышы күтіммен жасалған.

– Келер жылы дәрумендерге бай дақылдар егіп, балаларға еңбектің қадірін үйретуді қолға аламыз. Әр қатарға өнімнің атын жазып, оның қалай және қандай еңбектің арқасында өскенін өз көздерімен көріп, тануларын қалаймыз. Балғындар өздері суарып, күтім жасап машықтанса деген ниеттеміз, – дейді ұжым басшылығы алдағы жарқын жобаларымен белісіп.

Берекедегі берекелі бөбекжай біліммен бірге осылайша еңбектің тәрбиелік мәнін терең ұғындырып, балғын жүректерге табиғатты аялау сезімін сіңіріп келеді. Күнделікті істелген әр іс – болашаққа салынған берік іргетас. Мұдай бастамалар арқылы қоғамға саналы, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиеленері сөзсіз. Бет алысы нық, бағыт-бағдары айқын балабақша алдағы уақытта да игі істермен қуантарына сенім көміп.

Гүлжан ЕСЖАН

2 ҚОҒАМ

Мәселе

4266 жағдай тіркелген

Аптаның алғашқы күні. Соңғы айларда дендеп тұрған ахуалдың жай-жапсарын білмек ниетпен жолға шықтық. Жолай жеңіл көлікке жайғасқанымыз сол еді, алдыңғы орынықта отырған апаның әңгімесі басталып кетіпті. «Қазір тұмау өршіп тұр ғой, балам, абай болындар» деп иығындағы шәлісін түзеп жатыр. Расымен де, соңғы уақытта үлкен де, кіші де тұмаудан көз ашпай, біразы дәрігердің көмегіне жүгінуге мәжбүр болғаны жасырын емес. Осы ахуалдың жай-жапсарын нақтырақ білмек мақсатта аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысымен сұхбаттастық. Мамандардың айтуынша, соңғы апталарда тыныс жолы ауруының көрсеткіші артқанмен, тиісті шаралар қолға алынған.



тіркелді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегіден 12 пайызға аз. Оның ішінде, 61 пайызы – 14 жасқа дейінгі бала, 1,6 пайызы – жүкті әйелдер.

2025жылдың10айқорытындысымен Жалағаш ауданында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасты. Ауданда жыл басынан қазіргі таңға дейін ЖРВИ диагнозымен 4266 жағдай есепке алынды. Сырқаттанушылықты 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 10136,43 құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сырқаттанушылық 14,9% төмендегені байқалады. Жұқпаны жұқтырғандар 14 жасқа дейінгі барлығы 2926 бала (68,5%), оның ішінде 1 жасқа дейінгі 265 балалар (6,2%) үлесінде. Жүкті әйелдер арасында 36 жағдай (0,8%) тіркелген.

Белгілерге назар аударыңыз

Мамандардың айтуынша, тұмаудың алғашқы белгілері қарапайым суық тиюге ұқсас болғанымен, көбіне аяқасты басталып, алғашқы күні-ақ адамды әлсіретіп бастайды. Алғашқы белгілерінің бірі – дене қызуының күрт көтерілуі. Онымен қатар қалтырау, бас ауруы, бұлшық еттің сырқырауы, тамақтың жиыбырлауы мен құрғақ жөтел пайда болады. Кей жағдайда мұрын бітеліп, тыныс алу қиындайды. Аурудың бастапқы сәтінде көп адам өздігінен ем қабылдап, үй жағдайында уақыт өткізіп алады екен. Егер дене қызуы үш тәуліктен аса түспесе, немесе 38-39 градустан жоғары болса, сондай-ақ жөтел мен өңтігу күшейіп, бас айналу, жүрек айну байқалса – дереу дәрігерге көріну қажеттігін де айтып өтті. Өйткені дәрігердің кеңесінсіз қабылданған дәрілер ағзаға кері әсер етуі мүмкін. Ал уақытылы қойылған диагноз бен дұрыс ем – аурудың алдын алудың ең сенімді көпірі екенін ескертеді.

Тұмаудың зертханалық расталған жағдайлары белгіленген және басым

штамм - H3N2. Бұл тұмау вирусының бір түрі және ол әдетте А тұмауы вирусының ішіндегі бір үлгі болып табылады. Алғаш рет 1968 жылы Азиядан шыққан. Оның ең қауіпті жағы – ол өзінен бұрынғы тұмауларға қарағанда айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отырады, яғни әр маусымда вирустың штаммы біршама өзгереді. Әсіресе, күз-қыс айларында көбейіп, адамнан адамға ауа арқылы жұғады. Өңірде 2025 жылдың ағымдағы мерзімінен 14 жасқа дейінгі 2 жағдай тіркелген.

Вакцина – тиімді тетігі

Тұмау ауруы таралмау үшін алдын алу іс-шараларын қолдану қажет және де қарапайым ережелерді сақтау қажет. Тұмауға қарсы дер кезінде егілу, адамдар көп жиналатын жерлерде және қоғамдық көлікте болу уақытын қысқарту, медициналық беттерде кию, түшіргенде ауызды бет орамалмен немесе шынтақпен бүркеу, қолды сабынмен үнемі және мұқият жуу немесе қолды өңдеуге арналған спиртті құралмен сүру, үй-жайларды ылғалды жинау желдету және ауаны ылғалдандыруды жүзеге асыру, ағзаның жүйелі шынығуы, толыққанды ұйқы, дұрыс тамақтану.

Тұмау пайда болған кезде дереу дәрігерге қаралу керек. Өз бетімен емделу қауіпті. Өйткені науқастың жағдайын тек дәрігер тексеріп, аурудың ағымын бағалай алады.

Тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі – белсенді имунизациялау, яғни тұмауға қарсы вакцинациялау. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, тұмауға қарсы вакцина салдырған адамдардың ауруға шалдығу қаупі 60 пайызға дейін төмендейді. Ал екпе алғандардың арасында ауру жеңіл өтіп, асқину жағдайлары сирек кездеседі. Соңғы жылдары тұмауға қарсы екпе туралы қоғамда түрлі пікір қалыптасқан. Бірі

оның тиімділігіне сенсе, енді бірі денсаулыққа зиян келеді деп ойлайды. Алайда сала мамандарының айтуынша, тұмауға қарсы вакцина – аурудың алдын алудың ең тиімді әрі қауіпсіз әдістерінің бірі.

Биыл тұмауға қарсы вакцинациялау 15 қыркүйектен басталды. Бұл шара ЖРВИ кезеңінде халықтың тұмауға қарсы тұрақты иммунитетін қалыптастыру үшін жасалады. Жыл сайын ауданымызда ақысыз түрде жұқтыру қаупі жоғары халықтың тәуекел топтарына жататын медициналық қызметкерлер, 2-3 кезеңдегі жүкті әйелдер, жабық мекемедегі балалар, сәбилер, қарттар, жиі ауыратын 6 айдан асқан әлсіз «Д» есепте тұратын балалар, созылмалы аурулары бар контингенттерге вакцинациялау ұсынылады. Тұмауға қарсы егу аурудың асқинуынан сақтайды. ДДСҰ ұсыныстарына сәйкес тұмауға қарсы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін халықтың жалпы санының кемінде 10 пайыз вакцинациялау қажет. Сондықтан екпеден бас тартпай өздеріңізді және жақындарыңыздың денсаулығына бей-жай қарауға болмайды.

Айта кетейік, еліміз 2025-2026 жылғы эпидемиялық маусымға дайындық аясында тұмауға қарсы вакцинаның 2,1 млн-нан астам дозасын сақтап алынған.

Ауданда тұмау мен ЖРВИ санының өсуі тек деректер ғана емес, ескерту. Вакцина алу, гигиена ережелерін сақтау және иммунитетті күшейтеу – аурудың алдын алудың ең тиімді жолдары. Бұл қарапайым шаралар арқылы тек өзімізді ғана емес, айналамыздағы адамдарды да қорғауа болады. Ендеше, әр ата-ана мен әр тұрғын сақтық шарасын назардан тыс қалдырмай, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауы тиіс, ал медициналық қызметкерлер уақытылы кеңес беріп, көмек көрсетуде. Тұмауға қарсы алдын алу – барлығымыз бірлесетін іс.

Гүлжан ЕСЖАН

Бүгінгі таңда еліміздің дамуы мен өркендеуінің басты көпірі – ашықтық пен әділдік қағидаттарына негізделген қоғам қалыптастыру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында сыбайлас жемқорлықпен жүйелі түрде күрес жүргізу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін үнемі атап өтеді. Президенттің бастамасымен бұл бағытта ауқымды реформалар іске асырылып, қоғам өмірінің барлық саласында адалдық пен жауапкершілік мәдениетін орнықтыру бойынша нақты шаралар жүзеге асырылуда.

Адалдық – қоғам дамуының өзегі

Соңғы жылдары елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жаңа сапалық деңгейге көтерілді. «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы» тұжырымдама қабылданып, оның аясында мемлекеттік басқару жүйесін ашық ету, халық пен билік арасындағы өзара сенімді арттыру бағытында маңызды қадамдар жасалды.

Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту, олардың табыстары мен мүліктерін жариялау міндеті заңмен бекітілді. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу процесі толықтай цифрландырылып, «Ашық бюджеттер», «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» және «Ашық үкімет» порталдары арқылы қоғамның бақылау тетігі нығайтылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін кадр саясаты жаңарып, меритократия қағидаты нақты іске асырылуда. Әрбір басшы өз ұжымында адалдық пен әділдік мәдениетін қалыптастыруға, қызметкерлердің этикалық жауапкершілігін арттыруға міндетті.

Соңғы жылдары қабылданған бірқатар заңнамалық түзетулер сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны қатаңдатып, Мемлекеттік функцияларды орындауға үкілетті тұлғалар үшін жауапкершілік күшейтіліп, «заңды тұлғалардың жауаптылығы» институты енгізіліп, Бұл тек жеке лауазымды тұлғаны емес, тұтас ұйымның жауапкершілігін қарастыратын маңызды жаңалық болды.

Сонымен қатар, парақорлық пен қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану фактілерін хабарлаған азаматтарды қорғау тетігі жетілдірілді. «Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ», «Ашық өкімдік» жобалары халық пен билік арасындағы байланыстың сенімді арнасын қалыптастырды.

Аудан өкімдігі деңгейінде де бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Барлық мемлекеттік мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тапдау және алдын алу тетіктері енгізілген. Өкімдік ғимараттарында «Адалдық бұрыштары» жұмыс істейді, ал тұрғындармен ашық диалог форматы тұрақты жолға қойылған.

Сонымен қатар, цифрлық форматтағы қызмет көрсету үлесі жыл сайын артып келеді. Бұл – адам факторының ықпалын азайтып, ашықтық пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін маңызды бағыт.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді құралы – азаматтық белсенділік пен қоғамның әділдікке деген ортақ ұстанымы. Сондықтан да ауданымызда жастармен, ардагерлермен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен кездесулер мен ақпараттық науқандар тұрақты өткізіліп келеді.

Біздің басты мақсатымыз – әділдік пен адалдық қағидатын өмір салтына айналдыру. Тек осындай бірлік пен сенім арқылы біз «Әділетті Қазақстан» идеясын іске асырып, еліміздің болашағын жарқын ете аламыз.

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының өкімі

Тараптардың татуласқаны тиімді



Бүгінгі күні сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Дуалы ауызды кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға да өзіндік үлес қосып келеді. Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды.

Ресми дерек бойынша өршіп тұрған азаматтық даулардың көпшілігі неке бұзу, қылмыстық әрекет бойынша мал ұрлығы, алаяқтық тыйылмай отыр. Оған дәлел қазіргі кезде сотқа түскен арыздың басым көпшілігі осы даулардың төңірегінде болып отыр.

Қазіргі басты мәселе – ажырасу факторын болғызбау. Сөйтіп, екеу-ара қарым-қатынасты шарықтау шегіне дейін жеткізбеу. Өйткені, некенің бұзылуы – отбасының ойрандалуы, шаңырақтың ортаға түсуі, балалардың әкесіз не анасыз қалуы. Түптің түбінде, еш кінесі жоқ сәбилердің «тірі жетім» атануы. Әрине, жас отбасының қиындығы көп болар анық. Бірақ, ондай кезең кез келген отбасының басында болды, бола да береді. Ертеңге деген үміт оты өшпегені жөн. Мәліметтердің өзі көрсеткендей, ажырасудың көп тараған себептері – тұрмыстық зомбылық, ерлі-зайыптылардың бірінші ішімдікке салынуы не жұмыссыз қалуы, жұбайлардың өмірлік көзқа-

растарының сәйкес келмеуі, материалдық қиындықтар, перзент сүйе алмау тағысын тағы осы секілді проблемаларды алға тартатындар ба-сым.

Қазақстан Республикасының 28.01.2011 жылы «Медияция туралы» заңы қабылданды. 08.02.2011 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарияланып, осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң яғни, 08.08.2011 жылы заңды күшіне еніп, қолданысқа берілді. Міне, сол уақыттан бастап ауыл-аймақтарда қадірлі ақсақалдар ішінен көсібі емес медиаторлар бекітілді. Қазіргі уақытта медиатормен сотқа дейін дауларды шешу біршама жолға қойылып, өңірде беделі салмақты, аузы дуалы ақсақалдардан билер ке-несі құрылды.

Заң Қазақстан Республикасының аумағында бітімгерлік рәсімдер ин-ституы қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді және медиатордың (бітім-гердің) қатысуымен дауларды шешу жөніндегі қатынастарды реттейді.

Медиатор (бітімгер)-тараптардың дау-ларын реттеу мақсатында олардың арасында бітістірушілік рәсімдерді (медияция) жүзеге асыратын дер-бес тұлға. Заңның 3-бабының негі-зінде бітімгерлік рәсімдерді жүр-гізетін медиатор тараптардың тең құқықтылығы мен әділеттілігін сақ-тауы тиіс. Кез келген уақытта та-раптар бітімгерлік рәсімдерді жал-ғастырудан бас тартып, жалпы тәртіппен сотқа жүгінуіне болады. Заңның құпиялылығы туралы 7-бабы бойынша медияцияға қаты-сушы тұлғалар бітімгерлік рәсімдер барысында белгілі болған мәлімет-терде осы ақпаратты берген тарап-тың келісімінсіз жария етуге құқысы жоқ. Медиатордың өкілеттілігі туралы заңның 13-бабында медиатор та-раптармен бірлескен немесе жеке кездесулерді өткізуге, қажет бол-ған жағдайда медиатор даудың техникалық аспектілері бойынша сарапшының қортындысын талап етуге құқылы. Бұл ретте тараптар қорытындыны алуға байланысты

шығындарды өтеуге келісуі тиіс. Егер медиатордың пікірі бойынша бітімгерлік рәсімдерді одан өрі жүргізу, яғни тараптар арасындағы дауды шешу мүмкін болмаса, медиатор істі жүргізуді тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ медиатор өзінің функцияларын жүзеге асыруына кедергі болатын мән-жайларды білген жағдайда бұл істен өздігінен бас тарта алады.

Медияциялық рәсімді өткізудің уақыты мен күні тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Заңның 22-бабы бойынша іс соттың қаралуында жүргізіліп жатып, тараптардың келісімімен сот шешімі шыққанға дейінгі уақытта тараптар істі қайтарып алып, медиатордың көмегіне жүгіне алады. Бітімгерлік рәсімдер келісім жасалған күннен бастап он күн ішінде аяқталуы тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша бітімгерлік рәсімдерді жүргізу мерзімі отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Жақында екі тарап судьяның көмегімен бітімге келгенін де айта кеткен жөн. Талап қоюшының тала-бында жауапкер займ келісім шарт негізінде несие алып, шартта көрсетілген міндеттемелерін орындамай несие қарызды уақытылы қайтармай отырғанын көрсетіп, берешек қар-ызды өндіріп беруді сұраған. Тату-ластырушы судья тараптармен сотқа дейін татуластыру рәсімін жүргізу барысында тараптарға дау-ды татуластыру рәсімі бойынша ше-шудің тиімді жақтарын түсіндірді. Татуластырушы судьяның кеңесін тараптар тыңдап, медияция тәрті-бімен татуласып, бір бітімге келді. Татуластырушы судья медияциялық келісімге сәйкес, іс бойынша іс жүр-гізуді тоқтатып, талап қоюшыға мем-лекеттік бажды қайтарды.

Қазыбек бидің: «Тату болса – аға-йын жақын, ақылшы болса – апан жа-қын, инабатты болса – көлін жақын, бауырмал болса – інің жақын, сый-лас болса – нағашын жақын, ерке-лейтін немерен жақын, өз ұрпағың – шөберен жақын, бөрінен де – өмірге өкелген анаң жақын», – деген жақсы нақыл сөзі бар. Міне, осындай ғи-браттарды біліп, ұғып өскен ұрпақ қана ажырасуға, басқа да келеңсіз қадамдарға, қылмысқа бармайтыны анық.

Тараптардың татуласу тәртібі мен оның құқықтық салдары Қазақстан

Республикасының Азаматтық про-цесі кодексінің (бұдан әрі-АПК) 17-тарауында көзделген.

АПК-нің 17 тарауы түгелдей 174-182-баптар тараптарды бейбіт келісімге шақыруға арналған. Заң-нама татуласу рәсімдерінің төрт тү-ріін қарастырады: Сотта татуласу келісімін жасау; Медияция немесе соттық медияция тәртібімен дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісімге келу; сондай-ақ екі тараптың адвока-тарының қатысуымен дауды партици-пативтік рәсімдер арқылы реттеу.

АПК-нің 174-бабына сәйкес: «Та-раптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медияция тәртібімен рет-теу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады».

Татуластыру рәсімдері жүргізілген жағдайда талап қоюды қабылдау үшін 10 жұмыс күндік мерзім белгіленеді. Дау реттелген жағдайда судья талап қоюды өзі іс жүргізуіне қабылдайды және тиісті келісімді бекітеді. Егер келісімге келмесе, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтауға, ал ол болмаған жағдайда – талапты басқа судьяға қайта бөлу үшін беруге міндетті.

Яғни, тараптар туындаған дауды (жанжалды) татуласу келісімі арқы-лы, медияция тәртібімен және пар-тиципативтік рәсімдер тәртібімен, не АПК-де белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, өзара талаптың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

Бұған дейін тараптар арасындағы дауды бітімгершілік келісіммен бітіру тек медиаторлардың құзырында бо-лып келгені белгілі. Ал енді екі жақты келісімге келтірудің көкжиегі кеңей-тіліп, енді бұл істі атқаруды судья-ме-даторға да, адвокаттарға да жүктеліп отыр.

Татуластыру рәсімдерін жүзеге асыруда судьяның нақты міндеттері де заңнамамен нақтыланды. Дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуді азаматтық сот ісін жүргізудің бірден бір міндеті ретінде бекіте отырып, судьяға талап арызды қабылдаған күннен бастап тараптарды татулас-тыру үшін тиісті шараларды қолданып,

істі қараудың барлық сатыларында талапты түсіндіру жүктеліп отыр. Ал Медияция сотта «Медияция туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және АПК-де белгіленген ерекшеліктерге сәйкес өткізіледі. Сот тараптардың өтініш хаты бойынша медияция рәсімін белгіленген мерзім шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды реттеуіне ықпал етсе, оларды медияцияға шақыруға құқылы.

Егер дауды медияция тәртібімен реттеу туралы келісім, сот актісін орындау сатысында жасалса, ол сот актісінің орындалатын орны бойынша бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сот-қа бекітуге ұсынылады. АПК-нің бұл ерекшеліктері медияцияның іс жүр-гізудің барлық сатысында өткізуге мүмкіндік береді.


Тағы бір атап өтетін онтайлы жақ – ол қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігі және уақыт үнемділігі. Мысалы, сотта іс ұзаққа созылады, ол тіпті бірнеше айларға созылуы мүмкін, сонымен қатар сот отырыстары бірнеше мәрте белгіленуі мүмкін, оған тараптардың бірінші өкілдері келмеуі себепті кейін-ге қалдырылып келеңсіздіктер туың-датады.

Ал медияция барысында татулас-тырушы судья тараптардың тең құқық-тылықты көздейтін сөзсіз, сондай-ақ оларға тең міндеттер де жүктеледі. Сонымен қатар, медияцияның өткізетін тұлға іс бойынша сот қандай шешім қабылдауы мүмкін екенін тараптарға ашық айтады. Нәтижесінде тарап-тар істің немен аяқталуы мүмкін еке-нін ескеріп, екінші тараппен келісімге келуге әрекет етеді. Сол себепті, медияция институтын көп жағдайда ежелгі билер сотымен салыс-тырады. Оның бірден-бір себебі – дауласқандарды ымыраға, араз-дасқандарды ағайындыққа шақыру және екі тараптың да алғысын атар-лықтай істің оң шешілінуін зор тиім-ділігі. Бұл халық сеніміне ие болып, таразы басын тең ұстаған біз үшін үлкен мәртебе!

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық
соты төрағасының
міндетін атқарушы

ТАНЫМ

Байтаңат би мен ұрпақтары жайында бірер сөз



Ықылымнан ақын-жыраулар өз заманының жыршысы, жоқтаушысы болуымен қатар қиып түсер алмас қылыштай қоғамның белсенді мүшелері болып келеді. Ақын-жыраулардың өлең-жырларында айтылған адамдардың басым көпшілігінің есімдері патшалық кезеңдегі архив жазбаларында кездеседі. Демек, Ресей шенеуніктері де олармен санасқан. Солардың бірі – біз әңгіме еткелі отырған Байтаңат би, Қоқыбай болыс (атсейіс), Оразбай ақсақалдар.

Байтаңат Есдәулетұлы жайлы XIX ғасырдың 50-60 жылдарындағы архив құжаттарында жазылған. Сараң жазбаларда терең сыр мен тарих жатыр емес пе? Сондай-ақ Жаһан Майданұлының

“Бегалы, Байтаңат пен Төбет те өтті, Атанған сақилықпен сауулы нар” деген өлең жолдары бар. Осыдан-ақ бұл тұлғалардың би әрі сақи болғанын аңғарасың.

Керейт руының Қара деген тармағынан тарайтындарды “Қаракерейт” деп атайды. Осы аталықта Аңғысың, одан Тілеміс, Тілемістен Бопай, одан Еспай, Еспайдан Есдәулет, одан Байтаңат т.б. ұрпақтары өсіп-өнген. Байтаңаттан Қоқыбай, Досымбай, Оразбай, Қошымбай, Дөңсебай, Қожақ туған. Бұлардан ұрпақтар жалғасқан.

Байтаңат Есдәулетұлы ұрпақтарының айтуы бойынша 1805 жылы туып, 1902 жылы өмірден өткен. Архивтік құжаттарын саралап қарағанымызда бұл деректердің қате тұстары бар екенін байқаймыз. Өйткені Байтаңаттың үлкен ұлы Қоқыбайды 1902 жылы жасы 54-те деп көрсеткен. Өзі бай әрі би бола тұра қырық жасында үйленген бе? Бұл шындыққа жанаспайды. Кенже баласы Қожақ архивтік құжаттарында 1870 жылы туған делінеді. Осыларды қорыта келе мен Байтаңат Есдәулетұлын 1817-1820 жылдары өмірге келген деп есептеймін. Қателесуім де мүмкін.

Ел арасында Байтанатты «би» деп атайды. Мұны 1862-1866 жылдардағы архивтік жазба да растап, «Би Байтанат Исдавлетов» деп жазған. XIX ғасырдың 50-60 жылдарындағы түрлі жазбаларда Байтанаттың есімі кездеседі. 1862 жылы түтіпұл жинағанда берілген түбіртекте алғаны туралы растап, басқан мөрінің үлгісі сақталған. Сонымен қатар 1852-1863 жылдарда патша әскерлеріне күш-көлікпен түймен көмектескен. Әр түіесін 3 сом, 50 тиын күміс ақшаға жалдаған. Сондай-ақ орыс әскерлеріне сексеуіл дайындап беруге де келісім жасасыпты. Бұрындары Шымқорған, Күмісқорған, Ақмешіт қорғандарын алуға да көмектескені айтылады. Нақтысы 1864 жылдың қыркүйек айында Жаңақорған бекінісін алу кезінде орыс әскерлеріне тағы да түймен көмектескен. Мұның алдында 1863 жылы ашылған Перовскі Қазалы Орскі ат поштасы бекеттеріне де көмек берген. Пошта бекеттеріне көмек бергендер арасында Бұқарбай, Сейіл батырлар, көруенбасы Низз Мұхамедов болған екен. Осы жылы Түркістан облысының инженері, подполковник Сергеевтің жұмысшыларына да күш-көлікпен жәрдемдескені архив құжаттарында бар. Б.Есдәулетов 1868 жылы ояз бастығына өзінің түтіпұл жинауға берілген 1000 түбіртекті алғаны жайлы мөрің басып, растаған.

Ел әңгімелерінде Байтаңат бабаның ағайын-туыстары ғана емес, көрші-қоландарына әрдайым жәрдем беретіні айтылады. Әсіресе Қарақұмға жайлауға көшу, күзде қысқы қонысқа қайту кезінде інілері мен балаларын шақырып, ауылдастарының көшінің қалып қоймауын айтып, қолма-қол көмектесуді тапсыратын болған. Елді бірлікке шақырумен қатар, ауылын барымташылардан қорғау үшін, сайлы-сайлы жігіттерді ұстап, көруенді де бастаған есі екен. Байтаңат Есдәулетұлы туралы ел әңгімелері осылай сөйлейді.


Баба жайлы үшінші бір деректе (архивтік) 1874 жылдың наурыз айында Жомарт болысының билері болып Байтаңат Есдәулетов, Тынымбай Бейдібаев сайланғаны жазылған. Сол жылдары белгісіз он кісінің болыс болғаны жайлы әңгімелер де бар. Байтаңат Қышбөгет болысы жерінде (қазіргі Еңбек ауылы) әзі бас болып арық қаздырып, (1870-1871 жж) оның маңайына арпа, бидай, тары егіп, егіншілерін айналысқан. Содан бері сол арық «Байтаңат арығы» деп аталып келеді. Өзі қаздырған арық маңында қайтыс болып, сонда жерленген сияқты.

Байтаңат өзімен бірге туған Бұзау, Төбет, Баспаң, Егізбай, Өмір атты ағалілеріне басшылық жасап отырыпты. Ел аузында «Байтаңат айтты дегенше, ол іс орындалады десейші» деген сөз қалған.

Жұртшылыққа қамқор, қолын созған, өнерге, білімге ынталы болған Байтаңат маңайында атакты Даңмұрын жырау Кенжебекөвтың болуы, оған құрмет көрсетіп, қанатының астына алуы заңды да. Біз зерделеп көрген Қаракерейт Байтаңат Есдәулетұлы – осындай тұлға.

Қоқыбай болыс (атсейіс) Байтаңат-ұлының есімі тек болыстық қызметі ғана емес, оның атсейістігі арқылы Ақмешіт, Қазалы, Ырғыз, Торғай, Тәуелбай, Арқа өңірлеріне белгілі болған. Сыр елінде атты жарысқа дайындау, баптаудың қыр-сырын жетік білетін атакты кісілердің бірі екен.

Тағы да архивтегі жазбаларға жүгінейік. Өйткені Қоқыбайдың туған жылы да дұрыс жазылмағанын аңғардым. Өзімдегі деректерде 1902-1903 жылдардағы жазбада оның жасы 54-те екені тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Олай болса, Қоқыбай Байтаңатов 1848-1849 жылдардың бірінде өмірге келген болып



шығады. Қайтыс болғаны 1931 жыл (96 жасында) делінеді. Мүмкін дұрыс болар. «Түркістан ведомостосы» газетінің 18 ақпан 1901 жылғы санында Қоқыбай Байтаңатов, Даңмұрын Кенжебеков, Нұржан Оразбаевтарды Ташкент сот палатасы 20 ақпанға сотқа шақырғаны туралы хабарлама жазылған.

1902-1903 жылдар мен 1905 жыл 29 қыркүйекті қамтыған архив құжаттарында Қ.Байтаңатовтың пара алғаны және «Кенбай ағашы» атты жерде өткен ауылнайларды сайлаудың дұрыс өтпегендігі жайлы бірнеше адамнан түскен арыз бойынша генерал-лейтенант Корольков қол қойып, істі жүргізуді тапсырған. Бірақ шақыруға Қ.Байтаңатовтың келмегені де жазылған. Демек, бұл іс Ақмешіттен асып, Ташкентке жеткен. Арызданушылар Арымбай Өтетілеуов пен Жергембай Манкин. Олардың жазуынша ауыл старшинасы (ақсақалы Т.Д.) Кенбай Қарымсаков, оның кандидаты Тілеубай Құрманбаев және болыс Қоқыбай Байтаңатовтың 50 сом пара алғаны туралы айтылып, Перовскі бітімгершілік сотында ісі қаралып, басқа да куәгерлердің айтуымен іс қысқартылған. Осы істегі құжаттарда Қ.Байтаңатовты бұрынғы болыс басқарушысы және оның Қышбөгет болысының №3 ауылында тұратынын, жасының 54-те болғанын, мал шаруашылығымен айналысқанын, онда 200 қой, 20 түіесі мен 60 жылқысы барын тізіп көрсеткен. Осы істі қараған кезде Қышбөгет болысы Берден Малдыбаев, писарі Даңмұрын Кенжебеков екенін де жазып қалдырған.

Арыз 1902 жылдан басталған еді, 1905 жылы Сана Жоламанов, Шар-шыбек Жолдыбаев, Сүйіндік Тайлақовтар Перовскі уезінің бастығы Николаевскиге арызданады. 1905 жылдың 21 қарашасындағы сұрауға байланысты Қ.Байтаңатов сайлаудың заңға сәйкес өткенін және куәлер №4 ауылдың старшинасы Омар Жұрынбаев, №3 ауылдан Қожақ Байтаңатов, №5 ауылдан Бигали Мусаев, Қ.Байтаңатовтың сөзін қуаттаған, растаған. Осы істе 1905, 1907 жылдары болыс басқарушысы Қоқыбай Байтаңатов болғаны да жазылған. Қоқыбайдың 1864-1885 жылдары болыс болды деуі қателік. Өйткені болыстық жүйе 1868 жылдан басталғанын ескерсек және 1874 жылы Байтанаттың Қышбөгет болысында 10 бидің бір болып сайланғаны туралы архив жазбаларынан оқи аламыз. Бұрын Керейт руының адамдары 1870-1872 жылдарда Жомарт болысына қараған. Болысы Биелі Мырзаев, кандидаты Алдажар Жаншұрынов, билерінің бірі Байтаңат Есдәулетов – Қоқыбайдың туған әкесі. Ал Қышбөгет болысын сол тұста Кенжебай Асауов басқарған. Қ.Байтаңатов болысты 1898-1907 жылдарда басқарса керек. Әркез болыстықты Берден Малдыбаев, Келдібай Шонымов, Еспаев, Мақан Байдәулетовтер басқарған. 1896 жылы Көткеншек болыс басқарушысы Ықылас Ескөбеков, кейіннен Қоқыбай сайланады. Сонымен Қ.Байтаңатовтың 1895-1896 жылдардан бастап, болыс болғанын анықтадық. Сонда ол ауышша айтылып жүрген 30-35 жыл болыс болмаған, шамамен 4-5 сайлауда ғана болыс болғанын нақтыладық. Сонда 12-15 жыл болыс басқарған.

Қоқыбай болыс дабысы Сыр мен Қыр Арқа елдеріне де кең жайылған. Әсіресе Сыр сұлейлерінің ірі тұлғасы Көте Жүсіптің Даңмұрын ақынның қазасына орай, оның әйелі Бөйтөмен Керейт елінің азаматтарына (1923 ж) айтқан көңілқосында “Кішкенбай, Қоқыбаймен һәм Сепізбай, Ерсіздер білер істің артық-кемін. Қариясың көпті көрген көне жұрناق, Кең қылған ежелден-ақ өтек-жеңін” десе, бертінде өмір сүрген Шоңбай Жұбанұлы

“Даңмұрын, Қосназар мен Келдібай би, Жасайтын солар сөзге сарап құрыс.

Атсейіс, әруағы мол адам еді, Қалғаны Қоқыбайдың болмас дұрыс” депті. Қоқыбайдың атсейістігі өнері ерекше болыпты. Атты бір көргеннен сынап, өз пікірін айтатын болған. Сейітжанмен кездесіп, сөйлескен адамдар “Қоқыбайдың ат қосар алдында құмалақ салып, нешілші келетінін біледі” дейді екен. Талай айтулы ас-тойларға бөйге аттарын қосып, жүлде алған кісі. Бірақ зерттеуімде оның ат-сейістік қыр-сырын айтуды мақсат еткенім мен Сондықтан Қоқыбай бабаның өмір жолын, азаматтық бейнесін қамтымақпын.

Тек Сыр елінің атакты атсейісінің бірі, замандасы Құжымбай Шәуілұлы «Қоқыбай аттың ішің, сыртын түгел

байқайды, біледі» деген екен. «Жетім қасқамен» Қоқыбайдың аты шыққан. Бұл ат 1892, 1898, 1903, 1904 жылдардағы астарда бәйгенің алдын бермепті деседі. Байтанат ұлдары Қоқыбай, Оразбай, Қожақтар Перовскі уезіндегі «Дамский» комитетіне әрқайсы 1 сомнан көмек берген.

Қоқыбай Байтанатұлы Таңауылындағы «Қызыл-сай» деген жерде тұса керек. Оны осындағы кезінде Қоқыбай болыстың қонысы болғандықтан «Қоқыбай түбегі» аталып кеткен. Қоқыбайдың оқпаған баласы Сейітжанның айтуымен 1928-1929 жылдары малдарын өз еркімен колхозға беріп, төркілеуден аман қалады. 1931 жылы өзі тұрған аймақтағы «Сарыкөл» деген тебе басына жерленген, көктасы жаңартылған.

Қ.Байтаңатов кезінде Шоқай Торғайұлымен құдандалы-жеңжат болып, қызын баласына алып береді. Бұл да екі жақсының сыйласқанын көрсетеді. Таң ауылының жұртшылығы бабасының рухын жаңғыртып, оған бір көшенің атын беріп, құрметтеп отыр.

Сейітжан Қоқыбайұлы Байтаңатов 1888 жылы «Қоқыбай» түбегінде өмірге келген. Архив жазбаларында нақтыласам 1920 жылдың 27 наурызындағы Сейітжан Байтанатовтың 32 наустыңдағы көрсетіліп, оның Перовскі қалалық үчилічесін бітіргені және 1918 жылдан Қышбөгет болысының хатшысы қызметін атқарғанын да атап көрсеткен. Ал 1910-1911 жылдарда оның «Қышбөгет» (Қос бөгет Т.Д.) болысының №3 ауылының адамы екені және түрмеге қамаған ауылдасын өз қалтасынан кепілге ақша беріп, босатып алғаны жайлы да назардан тыс қалдырмапты. Оның арнайы ісқағаздарынан оқыған сауатты болғаны анық байқалады.

1917 жылғы аласапыран кезінде Перовскі уезі атынан Ташкент қаласында өткен «Шорай Исламия» атты мұсылмандар кеңесіне, Қышбөгет болыспағы (3052 тұрғындары) атынан Келдібаймен бірге С.Байтаңатов та қатысқан. Ол өзімізге есімдері етене таныс Иса Тоқтыбаев, ағайынды Қасымовтармен сыйлас болып, талай түіні қиын мәселелердің шешілуіне ықпал жасаған.

Кеңестік кезеңнің 30 жылдарында колхозға мүше болып, 1927 жылы ашылған «Самырат» тұтыну қоғамында есепші қызметін атқарса, кейін шаруашылықтың түрлі саласында еңбек еткен Нәлібай Мамытова «Мен Сейітжан ағамен 1949 жылы сөйлескенімде менің Нәлібай бабам туралы білетінін, ол кісінің үлкен дәрежелі би болғанын айтқан еді» дейді. Осыған қарағанда С.Байтаңатов ел мен жер тарихын жетік білген. Оны жұртшылық «Қоқыбайдың Сейітжаны» деп ауыз толтырып айтатынын талай рет естіген едім. Ал оның бір баласы Сәуруарды оқыған, алғашқы ұстаздардың бірі деседі. Қызы Матира білікті, білімді адам болыпты.

Оразбай Байтаңатов – Қоқыбайдан кейін өмірге келген ұрпақ. Ол шамамен 1850-1851 жылдары туған, қайтыс болған уақыты белгісіз. Оразбай би болмаса да, би түсетін ұй болған. Әкесі Байтаңатпен ағасы Қоқыбайдың інісі Қожақпен бірге әркез жанынан табылған, ел ақсақалы атанған кісі болыпты. Ел аузындағы «Артынан өрген Оразбай мен Қожағы барда Қоқыбай болыс болмай, кім болады?» деген сөздерден-ақ бұлардың жұртшылыққа сөзін өткізе алатын адамдар болғанын аңғартады. Тіпті Оразбай, Қожақ ғана емес, олардың балаларының өзі Қоқыбай болыстың қасында жүргені, мына бір өлең жолынан-ақ байқалады.

Үселбай алмай қалмас, бұлар жемің,

Келдібай, Махамбетжан, Қожақ, Омар.

Бұлар мәрт іздейтуғын жүздің көпі. Осы өлеңдегі Ержан, Бержандар – Оразбайдың бел-балалары. Демек, Байтаңат бидің ұрпақтары да өз кезегінде елге ағалық жасаған кісілер екенін аңғардық. Оразбайдан Ержан, Нұржан, Бержан, Базар тараған. Нұржаннан Қали, Бержаннан Махамбеттер тараған. Осы жырдағы Қожақ Байтаңат баласы ауылнай болған, ақсақалдық жасап, ел басқарған. 1901 жылдың 24 қаңтарында Түркістан генерал-губернаторы Иванов қол қойып, Қоқыбай Байтаңатов, Даңмұрын Кенжебеков, Нұржан Оразбаевтарды Ташкент сот палатасы арқылы 20 ақпанда сотқа шақыртып, жауап алған. Олардың болыстыққа байланысты істері қаралған. Оразбай Байтанатұлы Еңбек ауылындағы «Қаратай» қорымына жерленіпті.

Байтаңат балаларының біразы қазіргі Еңбек ауылында, көбі Таң ауылында өмір сүріп, сондағы қорымдарға жерленгенін аңғарамыз. Оразбай ұрпақтарының Еңбекте, Қоқыбай ұрпақтары Танда екен, сонда жер қойнына тапсырылған есіп, Оразбай ақсақал інілері мен ағайын-туыстарына «Бас-басымызға биілік қайда? Қоқыбайдың жүпін жеңілдетсек болды» деп отырады екен.

Бержан Оразбаев 1880 жылы «Байтаңат» арығы маңында туып, 1965 жылы 86 жасында өмірден өтіп, Әзіз мақсұм жатқан қорымға жерленген.

Бержан ақсақал Жалағаш ауданындағы Еңбек ауылына қараған «Ынтымақ» колхозында колхозшы болып еңбек етеді. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық тұсында балық аулап, аң атып күн көріс жасап, аман қалған деседі. 1936 жылы құрылған «Ынтымақ» колхозы 1950 жылы Еңбек колхозымен бірігеді. Б.Оразбаев – колхозда мал басының өсуіне, ақегістен мол өнім алуға үлес қосқандардың бірі. Тіпті Қаракеткен, Жалағаш теміржол стансаларынан бидай тұқымын кейде жаюу да тасыған кездері болыпты.

ШежірешіқарияМайдан Түйімбетовтың жазуынша, Сырда өткен 1892 жылғы ат бәйгесінде «Жетім қасқаға» мініп шапқан 13 жастағы Бержан Оразбаев екен. Демек, Бержанның 1879-1880 жылдары туды дегені дұрыс. XX ғасырдың 50 жылдарының басында әкем Майлыбай бір әңгіме үстінде өзінің Керейт ақсақалы Бержанның үйінде қонақ болғанын айтқан.

Ел ақсақалы атаңғар, бір әулеттің басшысы болған Бержанның інісі Базардан Жалғас, Әбілді, Мусабек, Әнуарбектер тараған. Бүгінде Оразбай баба ұрпақтарының үлкені – Жалғасұлы Тельман Бекен екі некелі болған кісі. Алғашқы алғаны Қалипа Сейітмқызы 1898 жылы туып, 1938 жылы қайтыс болып, Еңбек ауылы жеріндегі “Қаратай” қорымына қойылған. Екінші қосағы Алмағұл Жабағиева (қаңлы руынан Т.Д.) 1985 жылы, 81 жасында дүниеден озып, Қаңлылар қорымына жерленеді. Бержаннан Бегім, Дарига, Махамбет, Мариялар тараған. Сейітжаннан Мінуар, Жағыпар, Сәууар, Матира тарайды. Бұлардан Мұзарап, Сараг, Болат, Марат болып жалғасады. Сейітжан ұрпақтарының біразы Қызылорда қаласында және Жалағаш ауданының Еңбек, Таң ауылында тұрып жатыр. Олар – әр саланың мамандары.

Сейітжан Байтаңатов 1966 жылы Таң ауылында өмірден өтіп, бұрынғы мешіт маңындағы қорымға қойылған. Сейітжанның (1926 жылы туған) Сәууар атты баласы 1946 жылдан бастап ұстаз болған. Махамбет Бержанов 1925 жылдың 21 қыркүйегінде Жалағаш ауданы «Ынтымақ» колхозында қазіргі Еңбек ауылында туған. Осында «Қызыл Октябрь» 7 жылдық мектебін 1942 жылы бітірісімен «Ынтымақта» колхозшы, 1943 жылдың наурыз айында әскерге алынып, Забайкале майданының №36 армиясының 94 атқыштар дивизиясының №9 атқыштар полкында атқшы, 1943-1946 жылдары осы армияның №293 атқыштар дивизиясының №1036 атқыштар полкында телефонист, 1946 жылдарда №8 пулемет-артиллерия дивизиясының №250-батальонында пи-сарь, радио-телеграфист, батальон штабында аға писарь болып Забайкале – Амур әскери округінде әскери қызметте болады. №36 армияның құрамында Манчжурияны алуға қатысқан. М.Бержанов 1948 жылы елге оралып, осы жылы Жалағаш ауданының қаржы бөлімінде аға есепші, 1948-1953 жылдары Жалағаш, Қармақшы, Арал аудандық ішкі істер бөлімінде арнайы үекіл, 1953-1955 жылдары Алматыдағы ішкі істер органының мектебінде тыңдаушы, Аралдағы арнайы комендатурада комендант, 1956-1967 жылдары Жалағаш, Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінде аға өкіл, 1967-1975 жылдарда Сырдария, Тереңөзек аудандық Ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, 1975-1983 жылдарда Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімі бастығы қызметтерін абыроймен атқарып, полковник шенінде зейнетке шықты. 1965-1970 жылдары Қарағандыдағы ішкі істер органдарының жоғары мектебін бітірген. Тереңөзек поселкелік, Қармақшы аудандық Кеңестің депутаты, партия комитеттерінің мүшесі болып сайланған. Жарты ғасырға жуық жауапты қызметінде абыройлы болып, 14 орден-медалдің иегері атанды. «Жапонияны жеңгені үшін» және II дәрежелі «Отан» орденімен марапатталған.

Мақаң өзінің өмірбаян жазбасында әкесі Оразбаев Бержанның 1880 жылы «Ынтымақта» туып, 1965 жылы анасы Сейітмқызы Қалипаның 1938 жылы қайтыс болғанын және екінші анасы Жабағиева Алмағұлдің 1904 жылы туып, 1985 жылы қайтыс болғанын, отбасында әйелі Тынымқұлдың 1930 жылы туғанын, қыздары Айнакүл (1952), Айтқұл (1960), Күдереш (1962), Сәуле (1964), Феруза (1968), Ұлмекен (1971) жылы туғанын 19 мамыр 1975 жылы жазыпты.

Біз оған қарашаңырақтың иесі Қайратбектің 1979 жылы туғанын қосамыз. Балаларының бәрі де жоғары білім алған азаматтар. Қайрат ініміз апалары төркіндеп келетін үлкен шаңырақты ұстаушы. Қ.Махамбетұлы Бержанов та екенісін жолын қуып, заңгер мамандығын меңгерді. Сырдария аудандық сотта іс-жүргізуші, хатшы, Қалжан ахун ауылы әкімі, Сырдария ауданы әкімшілігінде құқық бөлімінің меңгерушісі, аппарат басшысы, 2014 жылдан Қызылорда облыстық көмелетке толмағандар істері жөніндегі ауданаралық соттың судьясы қызметін атқаруда. Сырдария ауданының «Құрметті азаматы» Махамбет Бержанов 2020 жылдың тамыз айында өмірден өтіп, Қаңлылар қорымында жерленді.

Байтаңат бастаған ауыл Қостанай мен Торғай өңіріне жаз жайлап, қыста Қышбөгет, Жаңадария т.б. жерлерді қыстаған. Ауыл жайлауға көштерде Байтаңат би ауылдың ірі бастысын жиып алып, “Жарлы-жақыбайларға әрдайым көмектесіп жүріңдер, жолда қалдырмандар” деп және оларға жылқы, түімеден көмек беруін тапсырады екен. Екіншіден оның балалары Қоқыбай, Оразбай, Қожақтар елдегі қоғамдық істерге белсене араласқанын байқауға болады. Олар 1901 жылы Перовскі қалалық «Дамекі» комитетіне қолдау үшін әрқайсы 1 сомнан берсе, Қоқыбай 1909 жылы Перовскі уезіндегі би-болыстардың бірі болып Петерборда салынатын мұсылман мешіті құрылысына ақша аударуға келіскені жазбада табылады. Демек, Байтаңат балалары Қоқыбай, Оразбай, Қожақтар – өз кезінде елге аға бола білген тұлғалы азаматтар.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,

Қазақстан Жазушылар

одағының мүшесі,

зерттеуші,

«Құрмет» орденінің иегері

Бәрекелді!

«Ұлағатты аналар» – байқау жеңімпазы

Алматы қаласында өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты республикалық ата-апалар өнер байқауында Жалағаш ауданының атынан қатысқан «Ұлағатты аналар» ансамблі зор жетістікке қол жеткізді. Байқауға еліміздің әр өңірінен өнерлі аналар мен ата-аналар ұжымдары қатысты.



Республикалық деңгейдегі байқауда «Хормен ән салу», «Бата беру», «Сән көрсету» номинациялары бойынша өнер көрсеткен жалағаштық аналар жоғары орындаушылық шеберлігімен ерекше көзге түсіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Өнер мен руханиятты ұлықтап, ұлттық мәдениетті ұрпаққа үлгі ету жолында еңбек етіп жүрген «Ұлағатты аналар» ұжымы облысымыздың намысын абыроймен қорғап, бас жүлдені жеңіп алды. Айта кетейік, «Ұлағатты аналарымыз» келер жылы 3 мамырда Республика сарайында өтетін концертке шақырту алды.

Партиялық бақылау жүргізілді

«Amanat» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының жол картасы аясында мемлекет тарапынан мол басын көбейту, оны асылдандыру және өнімін ұлғайту бағытында атқарылған жұмыстарға мониторинг жүргізілді. Бұл мақсатта Жалағаш кентінде орналасқан «Марал ЖК» шаруа қожалығы партиялық бақылауға алынды.



Мониторинг жұмысына аудандық партия филиалының консультанты Жангелді Әбдістартұлы мен партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Айдынбай Сейфулмәлік, ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімінің маманы Уәли Заманбек қатысты. Олар шаруашылықтың қазіргі жағдайымен танысып, мал басын көбейту мен өнім сапасын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды саралады.

Шаруашылық өкілдері мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар мен бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы мәлімет берді. Сонымен қатар кездесуде мал шаруашылығын дамытудағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды.

«Amanat» партиясы ауыл шаруашылығы саласының дамуына ерекше көңіл бөліп, бұл бағыттағы жұмыстарды үнемі бақылауда ұстап келеді. Партияның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсарту.


Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сағынышпен еске аламыз

Қамшының сабындай қайран тірліктің бір күні шарт сынары бөрімізге аян. Тұмақ бар жерде өлмек те бар. Десе де бәрі өз орнымең, өз реттілігімен келсе өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры мұнша қатты жаумас еді. Кеше ғана арамызда балалықтың төтті шағын бірге өткізіп, жарқылдап жүрген бауырымыз Атамұраттан қалыда айрылып қалдық. Бір қанатымыз қайрылып, өлім түілі өлпеге қимайтын бауырымыз туралы тек естелік айтамыз деп қм ойлаған. Бауырымыздың бүгінде бақиға бет түзегенін бірі 20 жыл зырғып өте шығыпты. Алпанның ісше сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсіз?! Бауырымыз Атамұрат 1976 жылы 29-шы маусымда дүниеге к

Ауыл тынысы

Мәдениет – жарқын жобалар мекені



Тілшілік тіршілікпен дүйсенбінің таңында тағы жолға шықтық, бағытымыз – Мәдениет ауылы. Тарихы сонау 1939 жылдан бастау алатын елді мекенде еңселі жобалар жүзеге асқан. Соның барлығының бүгінде жергілікті жұрт игілігін көріп отқанына қуандық.

Ауылдың тарихы әріде жатыр

Жалпы Мәдениет Жалағаш кен-тінің оңтүстік-батысында орналасқан. Екі ортаны 40 шақырым жол жалғайды. Қазір сол ішкі жолдың да күрделі жөндеуден өткеніне көп бала қойған жоқ.

Ақсақалдардың аузын бақсақ, негізі ауыл тарихын өріден бастайды. Өткенге көз жүгіртсек, елді мекеннің іргесі 1929 жылы «Кедей бірлігі» артелі ретінде қаланған. 1950 жылы «Қызыл жұлдыз», Жамбыл», «Қызыл диқан» мен «Бірлік» ұжымдары бірігіп, Жамбыл атындағы ұжымшар болып құрылады. 1963 жылы Қазақстанның 20 жылдығы атындағы ұжымшармен бірігіп, «Мәдениет» кеңшары ұйымдасқан. Ал аграрлық ауылда жеке шаруашылықтар тарихы 1997 жылдан бастау алады.

Шаруашылықтар жылды табысты қорытындылады

Жалпы ауданның жер көлемі 11 718 гектарды құрайды. Оның ішінде 279 гектары шабындық жерге тиесілі. Мұнан бөлек 7850 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер бар, оның 4 275 гектары егістік болса, 1397 гектары – жайылымдық жер.

Ауылда 55 шаруашылық бар, биыл олар жылды табысты қорытындылады. Кешегі маусымда болған су тапшылығы диқандар жауапкершілігін еселегендей. Уақытында ауыл еңбеккерлерді бұл мәселені де еңсерді.

Биыл мәдениеттіктер 3240 гектар алқапқа егін екті. Оның ішінде Сырдың басты дақылы 2 мың гектарға жуықтайды. Мұнан бөлек 433 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 706 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.



Жергілікті жұрт кәсіп ашуға ынталы

Екі мыңғы жуық халқы бар елді мекенде соңғы жылдары кәсіпкерлік саласының даму қарқыны жоғары. Бүгінде ауылдағы ағайын саланы қолдауға негізделген кез келген мемлекеттік бағдарламаны өз мүмкіндігіне жаратып отыр. Соның нәтижесі болар, бүгінде ауылда бұл салада айтарлықтай серпін қалыптасқан.

Ауылда жалпы 140 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның басым бөлігі нақты жұмыс жасап тұр. Биылдың өзінде 13 адам өз жобасын жүзеге асыру мақсатында қайтарымсыз қаржылай қолдауға

құжат тапсырады. Абырой болғанда, оның барлығын мемлекет қолдап, барлық жобаға қаржылай дем берді. Бүгінде соның барлығы ауылда нақты жұмыс жасап тұр.

Мемлекеттен қайтарымсыз қаржылай қолдау тапқан кәсіпкерлер қатарында ауыл тұрғыны Қамбар Аяпов та бар. Ол осыдан 10 жыл бұрын көлік жөндеумен айналысады. Кейін өзі де туған жерінен көлік жөндеу орталығын ашуға бел буады. Қажетті құрал-саймандарға қаржысы жетпеген іскер азамат қайтарымсыз грантқа құжат тапсырады. Нәтижесінде оның жарқын жобасы қолдау тауып, осы орталықтың ашылуына үлкен сеп болды.

Қазір ауылдағы көлік жөндеу орталығы тек мәдениеттіктердің ғана қажетіне жарап тұрған жоқ. Тұтас аудан жұрты бұл орталықтың игілігін көріп отыр десе де болады. Тіпті осында Қызылорда қаласынан келіп көлігін жөндеуге беретіндер де табылады екен.

Қазір Қамбар ағамыз баласын бұл салаға баулып келеді. Бүгінде оның ұлы Заманбек те – аудандағы беткеуістар көлік жөндеушілердің бірі де бірегейі. Бастапқыда әкесіне қолғабыс болып жүретін ол бүгінде өз алдына тапсырыс қабылдайтындай жағдайға жеткен.

Қамбар ағамыз көбінесе күз-қыс айларында орталық жұмысы қызатынын айтады. Ал көктем мен жазда өзі де, баласы да шаруашылықта жұмыста болады. Біз барған күні орталық алдындағы көліктен көз сүрінеді. Осыдан-ақ Қамбар ағамыздың ісмер екенін аңғару қиынға соқпады. Болмаса оны сондау Қызылорда қаласы мен басқа да аудандардан көлігін қаратуға қаншама адам іздеп келмес еді.

Ауылдағы алтын ұя

Мәдениеттегі мектептің де тарихы әріде жатыр. 1985 жылы ағартушы Ілияс Қабыловтың аты берілген білім ошағы оған дейін 1 май орта мектебі ретінде елді мекен жұртына қызмет көрсеткен. Ал

ауылдағы алтын ұя 2016 жылдың қазан айында мектеп-лицей статусына ие болды.

Былытыр білім ошағын 28 бала төамдаған ұлттық бірыңғай тестілеуге барлығы қатысуға ниет білдіріпті. Ұстаздары да шәкірттерінің бетін қақпай, керісінше қайта бұл талабын шындай түседі. Міне, арадағы үндестіктің, үлкен еңбектің, тыңғылықты дайындық пен ізденістің жемісі осы болса керек. Олардың 21-і еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім игеруге мүмкіндік алды. Ал алтауы жоғары оқу орындарында ақылы білім алуға кіріссе, тағы бір түлек колледжге оқуға түскен. Бір сөзбен айтқанда, мектеп түлектері 100 пайыз оқумен қамтылған.

Қазіргі таңда ауылдағы атын ұяда 400-ге жуық оқушы білім алу-да. Олардың 27-сі биыл мектеп бітіреді. Ұстаздар түлектер ҰБТ-ға дайындық қазірдің өзінде бастап кеткенін айтады. Демек келер жылы да олар саланы жақсы нәтижемен қорытындыламақ.

«Балауса» – тәрбие ордасы

Мәдениеттегі №8 «Балауса» бөбекжай-бақшасы 2018 жылы ашылған. Тоқсан орынға лайықталған тәрбие ордасында 5 топ бар. Онда 90 бала қамтылған. Бүгінде мұнда 40-қа жуық ауыл тұрғыны еңбек етеді. Оның 20-ға жуығы – педагогикалық қызметкер.

– Жалпы біз мұнда тәрбиеге басымдық береміз. Қазір мұндағы балалардың да қызметкерлердің де жетістігі көп. Мәселен, 2024-2025 оқу жылында «Мен – елімнің патриотымын» атты аудандық байқауда «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушісі Т.Сәдуақас алғыс хатпен марапатталды. Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай «Қазақшаң қалай, балақай?» байқауында да Үлжазира Жалғасбаева ІІ орын иеленді. Былытыр мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері арасында «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» облыстық байқауда Аруай Діріс үздік үштікті түйіндеді. 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтары арасында өткен «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт – 2024» байқауында тәрбиешіміз Г.Ержанова 3-орын иеленді. Биыл ақпанда Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныбының педагогтары арасында өткен «Қашықтықтан оқыту форматындағы «Үздік бейне сабақ – 2025» аудандық байқауында Жазира Нұржанова 2-орын иеленді, – дейді балабақша меңгерушісі Арайлым Пазылбекова.

Расында тәрбие ордасының жетістігі мұнымен шектелмейді. Бірақ осыныша жетістіктің түбінде үлкен еңбек жатқанын бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Олардың биылдың өзінде қаншама жетістікке жеткен.

Жалпы балабақша ауылдың қажетіне жарап тұр. Расында мұнда тәрбие жұмыстарына басымдық берілген. Ал балалардың сапалы азық-түлікпен дайындалған аспен уақытылы қамтылуы меңгерушінің жеке бақылауында. Тіпті тәрбиешілердің өзі балалардың денсаулығын бірінші орынға қояды.

Мәдениет – ауылдың мәйегі

Ауылға арнай келгесін мәдениет үйіне де аялдап, бүгінгі тынысымен таныстық. Жалпы Мәдениет ауылдық клубының жаңа ғимараты 2018 жылы пайдалануға берілген. Бұл нысан заманға сай типтік жобада салынған. Барлық құрылғылармен қамтамасыз етілген. Бұған дейін ауылдағы өнер ұжымы бұрын жергілікті жұрттың жұмылуымен, яғни асар әдісімен салынған көне нысанда болған.

Ашылған сәттен бастап түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылып, мұндағы өнер ұжымы, үйірме мүшелері аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысып жүрді. Атап айтқанда, 2023 жылы ауылдық клуб қызметкері Қалатбек Жансаяның жетекшілігімен «Кербез» би тобы Алматы қаласында өткен «Дарабоз» халықаралық байқауында бас жүлдені иеленді.

«Сазды әуен» үйірмесінің қатысушысы Төлепберген Аружан 2022 жылы Бішкек қаласында өткен VI халықаралық «орыс романы» орындаушыларының орта азия бойынша жастар конкурсынан 1-орын иеленсе, Қалатбек Ақерке Алматы қаласында өткен «Қазақстан үміті» халықаралық жас өнерпаздар байқауынан 1-орын иеленді. Клуб жаңынан құрылған «Қазыналы қария» ансамблі де мерекелік шараларға белсене қатысып, Қарттар күні ауыл көрермендеріне концерт беріп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Ауылдық клубты салада ұзақ жыл тәжірибесі бар Алевша Тұрмханова басқарады. Қазіргі таңда Мәдениеттегі мәдениет ошағында 5 үйірме бар. Бүгінде «Ән», «Би», «Керкөмсе», «Қолөнер» және «Қуыршақ» үйірмелерінде бүгінде 60 қа жуық бала қамтылған. Олардың да өз алдына бөлек жетістіктері көп.

Ауылда №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі 2023 жылдан бері жұмыс жасайды. қазіргі таңда аталған спорт көшеніде 90 бапал спортпен тұрақты шұғылданады. Мұнда 42 адам жұмыс жасайды. Спорттық үйірмелердегі балалардың жетістігі өз алдына бір еңбекке жүк болары анық.

Мұнда дзюдо, бокс, қазақ күресіне баулитын арнайы үйірмелер бар. қазіргі таңда аталған спорт мектебінің түлектері Азия біріншілігінің жүлдегері, республикалық сайыстардың жеңімпазы атанды.

Жалпы ауылда барлық жағдай жасалған, спорт көшен нәтижелі жұмыс жасап тұр. Мемлекеттік балабақшан тағы бар, білім ошағы бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда ауылдың қажетіне жарап тұр. Жаңадан бой көтерген ауылдық клуб та Мәдениеттің мәдениетін көтеруге дем беруде. Ішкі көшелердің барлығы дерлік асфальтталған. Бір сөзбен айтқанда, ауылда нәтижелі жұмыс бар, ал ауыл әкімі Ардақ Оразбаев келер жылы да халықтың талап-тілегіне еңбек етіп, Мәдениетте мөңді жобаларды жүзеге асыруға бел буып отыр. Бұл талабына біз де сәттілік тіледік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1918

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru